

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№2 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития

Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/LOBS6041>***А. Ж. Копеев**

Торайғыров университет,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: arslan.kopeyev@gmail.com

МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ЖӘНЕ ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІ

Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ұлттық идея мәселесі көтеріліп, сол заманда өмір сүрген тарихи тұлғалар бейнесі арқылы тарихи шындықтың суреттелуі талқыланады.

Автор ұлттық идея және замандас бейнелері ұғымдарын қатар қарастырып, олардың арасындағы байланысты көрсетеді. Ақын шығармашылығына қатысты ұлттық идея аясында жасалған зерттеулер сараланып, осы бағыттағы жаңашылығы мен ерекшелігін сараптауға талпыныс жасалады.

Бұған дейінгі мәшһүртану саласындағы, отандық және шетел әдебиеттану ғылымындағы ұлттық мүддеге қатысты зерттеулер қарастырылып, ортақ заңдылықтар мен ерекшеліктер айқындалады. Ақынның «Мына заман» өлеңі талданып, көркемдік-идеялық тұрғысынан бағаланады. Қоғамда орын алған ірілі-ұсақты мәселелерді аша отырып, сол заманның тыныс-тіршілігі ашылады. Ақынның бірнеше тұлғалардың өмір сүру кезеңдерін сипаттай отырып, сол уақыттағы құбылыстарды көрсетуге назар аудартады. Ақынның ішкі түйсігі, пайымы арқылы сол заман бағдарын танудағы пәлсапалық танымы зерделенеді.

Сонымен қоса ақын шығармаларындағы тарихта есімі белгілі замандас тұлғалардың бейнелері талданып, образдың тұлғалық қасиеті тұрғысынан сарапталады. Сол сияқты ақын еңбектерін замандас бейнесі тұрғысынан кеңінен зерттеулерге бағытталуы жөнінде ой тасталады. Өз заманындағы қайраткер тұлғалар бейнесі сараланады.

Кілтті сөздер: Мәшһүр Жүсіп, ұлттық идея, тарихи тұлға, замандас бейнесі, тұлғатану, Мұса Шорманұлы.

Кіріспе

Айналамыздағы құбылыстар мен оқиғалар халықтың мақсат-мүдделеріне орай іріктеліп, әдеби шығармаларда көрініс табады. Елдің тыныс-тіршілігі шынайы суреттеліп, жалпы халықтық үрдіске айналады. Бұл өз кезегінде ұлттық идеямен астасып, бұқараны оятуға жасалған талпыныстарға ұласады. Осылайша әр заманның өз суретшісі, тарихи оқиғаларды жеткізетін ақын-жазушылары табылса, оның негізгі объектісі ретінде ел аузында белгілі бір істерімен көзге түскен тұлғалар бейнеленеді. Бір ілгегі ретінде ақын, тарихшы, фольклортанушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қазақ тарихы мен тұлғатану бағытында қалдырған еңбектері ұшан-теңіз екені айғақ.

Материалдар және әдістері

Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көп томдықтарындағы шығармалары басшылыққа алынып, ондағы тарихи бейнелердің әдеби бейнесін анықтау мақсатында жүйелеу, талдау, салыстыру т.б. әдістер пайдаланылды.

Нәтижелер және талдау

Мәшһүр Жүсіп ел аралап, қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаған. Қалың бұқараның арасында жүріп, оның мұң-мұқтажы мен тұрмысын көріп, өз шығармаларына арқау еткен. Тарихта есімі қалған тұлғалармен кездесіп, олардың асыл қасиеттері мен ізгі істерін дәріптеген. Бүгінгі күнде сол заманның қайраткер тұлғалардың бет-бейнесі айқын көрініс тауып, көркемдік образ ретінде шешімге ие болды. Суреткердің өмірдің мағыналы тұстарын көріп, бірнеше құбылыстардың арасынан тарихи шындықты беру екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс [1, 13-б.]. Сондықтан тарихтағы ең құнды оқиғалар мен бірегей тұлғалар жөнінде сыр шертудің өзі көркем талғампаздықтан туатыны ақиқат.

Жалпы Мәшһүр Жүсіптің жекелеген тұлғаларға қатысты жазылған біршама еңбектер баршылық. Соның арасында тарихшы Е.Қ. Жүсіп былай деп баға береді: «Мәшһүр Жүсіп тарих ғылымының тұлғатану саласына зор үлес қосты. Ол дерек жинастырушы, әрі зерттеуші ғалым ретінде тұлғаларға тарихи әділ бағалаулар бере отырып, олар хақында мол мағлұмат шоғырын жазып қалдырды» [2, 12-б.]. Ал зерттеуші М.Н. Баратова ел мұқтажын жеткізуде ақынның түрлі жанрдағы өлеңдерді қолдануға барғанын алға тартса, енді бір тұрғысынан тұлғаларға арналған жырлардың айшықты үлгілеріне назар аудартады [3, 6-б.]. Енді бір зерттеулерде ақын шығармаларындағы тарихи тұлғалардың бейнесін зерделеу арқылы адам бойындағы теріс мінез-құлықтарын мінеп, ғибратты жолды көрсетуге болады деген пікірді кездестіруге болады [4]. Осы орайда зерттеуімізде біз де ақын шығармаларындағы замандас тарихи тұлғалардың орнын айқындай отырып, ұлттық идея тұрғысынан саралауға аса көңіл бөлінбек.

Қазақ әдебиеттану ғылымында ұлттық идея тақырыбы біршама зерттелген. Ұлттық идея белгілі бір этностың бітім-болмысы, сана-сезімі, мінезі мен мәдениетіне сәйкес жинақталған мұрат-мүдделері мен қимыл-қозғалыстары [5, 11-б.]. Бұл сөз өнері ретінде рухани құндылықтар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған құбылыс [6, 12-б.]. Сонау ежелгі дәуір әдебиетінің жәдігерлері «Күлтегін», «Тоныкөк» жырларынан бастау алып, Абай, Мәшһүр-Жүсіп заманына дейін ұлттың мінез-құлқысынан көрініс тапты.

Ал ұлттық мінездің қалыптасуында ұлттық әдебиеттің алатын орны ерекше, бұл елдің бірлігі мен тұтастығының айқын көрсеткіші ретінде көрініс табады [7, 9-б.]. Ұлттық әдебиет халықтың рухани прогресінің дәлелі ғана емес, зияткерлік өмірдің көрінісі, ұлттық бірліктің байланысы және ұлттық энергияның жетекшісі [8, 888-б.]. Ортақ тәжірибе мен проблемаларды айқындау арқылы ұжымдық ойлау қалыптасып, ұлттық бірегейліктің негізі қаланады [9, 1280-б.].

Осы орайды Мәшһүр Жүсіптің ел арасындағы қайшылықты мәселелерді көзімен көріп, ақиқат жолында қара сиясы мен ақ қағазын ту етіп көтеруі ұлт тұтастығы мен келешегі жолындағы адал еңбегі. Мәселен, 1907 жылы Қазан қаласында шыққан «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тіршілікте көрген бір тамашамыз» атты кітаптарында патша үкіметінің қысымы, халықтың ауыр тұрмысы, дін т.б. мәселелер өткір көтеріледі. Қоғамдағы ұсақ мәселелерді тілге тиек етіп қоймай, тұтастай ұлт үшін жаны қайысқан тұлға ретінде көреміз. Ащы шындықты көтергені үшін патша тарапынан қудалау көріп, бой тасалап жүруге мәжбүр болған. Ақынның қай шығармасында болсын ұлттық өрнек, яғни мәдениеті, дәстүрі, тарихы, ұлттық идеология жататыны айғақ. Ұлттық идеяны беруде замандастар бейнесі арқылы жеткізу ақындық қырларының бірі ретінде ерекшеленеді.

Мәшһүр Жүсіп «Мына заман» өлеңінде қазақ қоғамындағы түйткілді мәселелерді көтеріп, заманды түсінуге талпыныс жасайды. Өз заманында жақсылардың күні өтіп, жамандардың қолына қараған күйді кешкенін ашына жырлайды. Бұхар жыраудың Абылайханға айтқан «Қилы-қилы заман болар, Қарағай басын шортан шалар» деген жауабын Асан қайғы айтты дей отырып, кешегі «шортан» деп қапаланғаны «шабаққа» айналды деп тұнжырайды:

Кеп айтқан Асан қайғы ұзын-сонар,
Деп айтқан: «Қилы-қилы заман болар.
Қарағайдың бастарын шортан шалып,
Бақ құсы шыбын болып боққа қонар [10, 180-б.].

Бұдан кейін ақын әркімнің заманның жетегінде кетіп, оның ырқынан шыға алмай, «илеуінде» қалып қойғандар үшін налиды. Өздерін бой көтермей, шарасыздық танытқандарды сынайды. Жұрт арасында бір заманда оң деп қабылданған заңдылықтар теріске айналып, бәз біреулердің ойына келгенін істеп, мазаққа айналғанын шенейді. Шығармада аталы сөздің мәрттігі кетіп, сылдыр арзанның үстемдік құрғаны баяндалады, ел арасынан надандар шығып, дұрысты қате деп түсініп, заманды өз ырқымен «күйлеген» тобырлардың шыққаны айтылады. Осы жәйт ақынды қатты толғандырады, басын шарқ ұра шырылдап әділдік іздейді. Болашаққа үміт артып, күндердің күнінде бұлардың заманы өтіп, жақсылық орнайтынына сенімділік білдіреді. Босқа тарығып, ауыр қайғыға түспеудің қамын жеп, жаратушыдан көмек сұрайды. Жамандықтан соңынан жақсылықтың таңы атып, үлкен зор үмітпен қарауды үндейді. Өлеңдегі «таң» және «сәуле» сөздері символ ретінде қолданылған, яғни ақынның бостандықты аңсауы анық байқалады. Осылайша автор сабырлық танытып, өмірден тарықпауға шақырады:

Тарықпа: «Қайтемін, – деп, – бұл жайымнан?»

Түк өнбес шаршағанмен, уайымынан.

«Қараңғы түнге жарық таң бар ғой!», – деп,

«Бір сәуле болар, – дей бер, – Құдайымнан!» [10, 180-б.]

Ақынның өз дәуір тынысын анық байқап, заманның бағдарын айқын тани алуы азаматтық ұстанымның биіктігін айғақтайды. Жұрт ішіндегі келеңсіздіктерді бүкпелеп қалу мүмкін емес еді, бұл ақынның табанына тиген шөгірі, денесіне жабысқан жарасы. Халықтың қамын жеп, өр намысқа басуы – адами борышы. Қалай да болсын түбінде бостандық таңы ататынына үмітті болуы елдің келешегін көксеуі ұлтына деген жанашырлығы екені айғақ.

Ақын өзі сүрген уақытты «үш жұртқа» бөліп көрстеді. Қазақта «жұрт» сөзі ер бала үшін асыл ұғымдардың бірі. Қазақ ауыз әдбиетінде «жгіттің үш жұрты» секілді шешендік үлгілер бар екені белгілі. Сонымен бірге отбасы институтында кеңінен қолданылып, қазақ мәдениеті мен руханиятында көрініс тапқан. Осы орайда ақынның заманды «жұрт» сөзімен байланыстыра алуы қара халықтың рухани санасына дөп тиюімен байланыстыруға болады:

Тұтасым – бәрі кетті бірі қалмай,

Қанша жүрсен, қоя ма ажал алмай?!

Үш жұртты өткізіпсің, ойлап тұрсаң,

Төртінші жұртта тұрсың жағын талмай! [10, 180-б.]

Өлеңдегі жолдарды оқи келе ақынның бұл шығарманы егделенген шағында жазғаны анық байқалады. «Тұтасым – бәрі кетті» деуі онымен замандастардың өмірден озып, бақилық болғанын көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіптің шығармаларының бір ерекшелігі – өз өмір сүрген замандағы белгілі адамдар туралы жазып қалдыруында. Зерттеуіміздің

негізгі мақсаты мен замандастар бейнесі арқылы ақын көтерген ұлттық идея арасындағы байланысты анықтау. Жалпы ақынның шығармаларын идеялық-көркемдігі тұрғысынан жасалған зерттеу жұмыстары бар екені айғақ. Ал замандастар бейнесін жеке тақырып ретінде қарастыру қажет екені анық байқалады. Өйткені ақын шығармасы арқылы сол замандағы адамдардың бейнесі, арман-мүдделері, рухани сабақтастығын анық көруге болады. Ақын сол кездегі өмір шындығын еш өзгертусіз жеткізіп, тарихи бейнелер мен оқиғаларды бұлжытпай бере алған. Айтылған ойымызды дәлелдей түсу үшін осы бағытта жұмыс жасаған адамдардың пікірін негіздеп өтсек. Зерттеуші Ш. А. Доскееваның пікірінше замандас бейнесі әдебиетте өмірдегі шындықтарды образдардың әрекеті, кейіпкерлердің сезімі, қоғам мен адамдар арасындағы қайшылықтарды құбылыстарды ашу тұрғысынан қарағанда өте өзекті нысан ретінде қарастырылады [11, 4-б.]. Осы орайда Б. Майтанов: «Замандас бейнесі уақытпен сабақтас категория болғандықтан, әр кезеңнің әдебиетінде бұл мәселе әр тұрғыдан көрінеді», – деген тұжырым білдіреді [12, 5-б.].

Қазақ әдебиеттану саласында прозалық шығармалардағы замандас бейнесі біршама қарастырылған. Прозалық шығармалардың озық үлгілері Кеңес заманы тұсында пайда болғандықтан, ондағы кейіпкерлер сол кездің идеологиясына сай жұмсалғанын байқаймыз. Бұлар «соғыстан кейінгі уақыттың бейбіт өмірдің қалаушысы», «еңбек адамдары», «өндіріс озаттары», «махаббат символдары» ретінде көрініс тапты [12, 16-б.]. Прототип тұлғалардың өзі саясаттың сойылын соғып, кеңестік жүйенің құрбанына айналды. Алайда Ербол, Ментай секілді кейіпкерлердің бойында ұлттық мінезге тән ерлік, махаббат, достық т.б. секілді адами құндылықтар ажыраған емес. Сол сияқты сатқындық, мақтаншақтық, еріншектік т.б. секілді кертартпа антогонист образдар да өміршендігін жойған жоқ. Қалай болса да зерттеуші А. Ж. Шәріп осы кезеңдегі прозалық және поэзиялық шығармаларды «астыртын күн кешіре берген этностық белгі-сипаттар» категориясына жатқызып, бір жағынан марксистік-лениндік қағидаттарға бой ұсыну десе, енді бір жағынан ұлттық сананы көруден қорыққандықтан, ұлттық идеяның тиісті деңгейінде көтерілуіне кедергілер келтіруімен айғақтайды [5, 12-б.].

Осы орайда Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы замандас тұлғалардың бейнесі ұлттық идеяны қозғауда қаншалықты ықпал етті деген сауал туындайды. Ақын өмірінің соңғы кезеңдері қызылдардың дәурен соққан заманында өтті. Ол қоғамдағы өзгерістерді анық байқап, шығармаларында көрсете алды. «Мына заман» өлеңінде уақытты «жұрт» бірлігіне бөліп, әр түрлі тарихи тұлғалардың бейнесі арқылы саяси-әлеуметтік құбылыстарды шебер кестелей алды. Мәселен, Мұса мен Секербай есімі өзінің бозбала шағымен байланыстырып, «Сағынайдың көрдік асын» деу арқылы тоқшылық заманның орын алғанын

меңзейді. Енді бұлардың дәурені өтіп, келесі Хұсайын, Тәнті, Әкімбек, Мақандардың уақыты туады. Бірақ ақынға өмір ағымы ұнамай, «заманын біз жақтырмай өлең қылдық» деп шағым білдіреді. Алайда осы тұлғаларды «көкжалға» теңеп, қиындықтарға төтеп бере алғанымен масаттанды. Осы кез оның жігіттік шағына тұспа-тұс келсе керек, себебі шығармадағы «жаңа шыққан кез еді сақалдардың» деген жолдары айқындай түседі. Ал енді келесі «Тайшық, Біләл, Жұпар мен Омар, Ақтай» секілді ұрпақтардың өз кезегінде «ойран салуымен» ерекшеленеді. Дегенмен олардың бұрынғыдай емес заманы бұлыңғыр, ұсақталған сәтке тап боламыз. Осылайша ақын өз замандастар бейнесі арқылы сол кездегі мәселелерді суреттеп, көкейкесті сұрақтарды көтерді. Ол сол дәуірдің куәгері болғандықтан, үзеңгілестерінің арман-мақсаттары, мүддесі бүкпесіз жеткізілді. Қара өлеңге елдің тауқыметін тізіп, қаламының көк сиясымен мөр етіп қалдырды. Елдің бірлігі мен тұтастығын аңсап, қалың қазақтың қамын жеді.

Зерттеуші А. Шәріп қазақ әдебиеті тарихында ұлттық идеяның бастау алуы мен қалыптасуын алты кезеңге бөліп қарастырады [13, 10-б.]. Соның бір елеулі кезеңдерінің бірі – қазақтардың Ресейдің қол астына кіруі. Осы уақыттың өзі бірнеше ұсақ концепциялық көзқарастарға ажыратылып, «Абай және ағартушылық бағыттағы ағындар» сарыны деп өз алдына тұтастай зерделенеді. Жоғарыдағы ойымызды ұштастыра келе Мәшһүр Жүсіп Алаш идеясын берік ұстанған, қазақ халқын «ұйқыдан» оятып, ағартушылықты аса насихаттаған зиялылар қатарынан көрінеді деген ой тұжырымдаймыз.

Ақынның алаштық танымы мен ағартушылық ұстанымы сол кездегі тарихи бейнелерге арналған шығармаларынан анық байқалады. Мәселен, «Мұса Шорманұлы» туындысында үздік жоқтау үлгісін байқап қана қоймай, қайраткер тұлға образы арқылы ұлттық идеяның бедерленуі ерекше көзге түседі. Мәшһүр Жүсіп ел арасында ел басқаруда аса танымал болған Мұса мырза жайында былай дейді:

Арманда болды ағайын жан тапсырған уақытында
Халық қамы үшін барды да, тағдыры бітті Омбыда.
...Дүниеден қанша өткенше, басынан бағы таймаған,
Көп мақсаты бар еді, халқы үшін ойлаған [10, 239-б.].

Байқап отырсақ ақынның «халық қамы үшін» деген сөз тіркесті бірнеше қолдануы анық көрінеді. Осы жоқтауда Мұса мырзаның барлық жақсы игі қасиеттері ашылып, оның ел алдындағы қызметі кеңінен суреттеледі. Осылайша ақын өз дәуірінде өмір сүрген белгілі адамдардың айшықты істерін үлгі етіп, ұлт жолында аянбай тер төккен тұлғаларды дәріптейді. Ақын көздеген мақсат айқын, елдің бірлігі, тұтастығы, келешегі үшін қам жейтін замандас тұлғалар арқылы ұлттық бірегейлікті қалыптастыру.

Қорытынды

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзімен қатарлас өмір сүрген тұлғалар образдары арқылы сол кездегі тарихи шындықтар мен мәселелерді айқын бере алды. Тұтас жалпы халықтық сипатқа ие болған оқиғаларды ғана қамтып қоймай, ел ішінде орын алған мәселелердің түйткілін тұлғалар есімімен байланыстыра жеткізуімен ерекшеленеді. Ақынның кестелеген тарихи тұлғалары сол кезде өз қасиеттерімен көрінген адамдар. Сондықтан олардың бойындағы ізгі қасиеттері мен жасаған жақсы істерін бейнелей отырып, ұлттық идеяның дамуына үлес қосты. Осы орайда ұлттық идея мен замандас тұлғалар ұғымы әр түрлі категориялар болып көрінгенімен, олардың арасындағы сабақтастық тереңде жатыр. Ақын бұл бейнелер арқылы өз оқырмандарына ұлттық мүдде аясында қызмет етуге шақырады, олардың істерін мысал етіп дәріптейді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Дәдебаев, Ж.** Өмір шындығы және көркемдік шешім [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1991. – 208-б.

2 **Жүсіпов, Е. Қ.** Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы және оның жазбаларындағы тарихи тұлғалар : тарих ғыл. канд. дис. автореф. [Мәтін]. – Астана, 2000. – 23-б.

3 **Баратова, М. Н.** Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық сипаты [Мәтін]. – Павлодар, 2007. – 71-б.

4 **Садықов, Е. Т., Құдабаев, А. Ж.** Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы тарихи тұлғалар бейнесі [Мәтін] // Қуандық Пазылұлы Жүсіптің 80 жылдығына және Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына арналған «Мәшһүртанудың ғылыми негіздері және қазіргі гуманитарлық ғылымдар дамуы» (Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция). – Павлодар : Торайғыров университеті, 2021. – Б. 469.

5 **Шәріп, А.** Қазақ поэзиясы және ұлттық идея [Мәтін]. – Алматы : Білім, 2000. – 336-б.

6 **Пірәлі, Г.** Қазақ әдебиеттануы және ұлттық идея [Мәтін] – Алматы : «Елтаным баспасы», 2014. – 240-б.

7 **Dewart, E. H.** Selections from Canadian poets [Text] // – Montreal : printed by John Lovell, St. Nicholas street, 1864. – 530 p.

8 **Gerson, C.** The Changing Contours of a National Literature [Text] // College English. – Volume 50. – No. 8. – Canadian Literature and Rhetoric. – Dec., 1988. – P. 888–895

9 **Corse, S. M.** Nations and Novels : Cultural Politics and Literary Use [Text] // Social Forces. – Volume 73. – Issue 4. – June 1995. – P. 1279–1308.

- 10 Көпейұлы, М. Ж. Шығармалары [Мәтін]. – Павлодар : ЭКО, 2003. – Т. 1 – 436-б.
- 11 Доскеева, Ш. А. Ә. Нұршайықов шығармаларындағы замандас бейнесі : филология ғыл. канд. дис. автореф. [Мәтін]. – Астана, 2009. – 30-б.
- 12 Майтанов, Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1982. – 148-б.

References

- 1 Dädebaev, J. Ömir şyndyğy jäne körkemdık şeşım [Reality of life and artistic solution] [Text]. – Almaty : Science, 1991. – 208 p.
- 2 Jüsıpov, E. Q. Mäşhür-Jüsıp Köpeiuly jäne onyñ jazbalaryndağy tarihi tülğalar [Mashhur Zhusip Kopeiuly and historical figures in his writings] [Text]. Extended abstract of candidate's thesis. – Astana, 2000. – 23 p.
- 3 Baratova, M. N. Mäşhür Jüsıp öleñderiniñ janrlyq sipaty [Genre character of Mashhur Zhusup's poems] [Text]. – Pavlodar, 2007. – 71 p.
- 4 Sadyqov, E. T., Qūdabaev, A. J. Mäşhür Jüsıp şyğarmalaryndağy tarihi tülğalar beinesi [The image of historical figures in the works of mashhur Zhusup] [Text] // «Scientific foundations of Mashhur Studies and the development of modern humanities», dedicated to the 80th anniversary of Kuandyk Pazylovich Zhusup and Mashhur Zhusup Kopeiuly – Pavlodar : Toraighyrov University, 2021. – 469 p.
- 5 Şärip, A. Qazaq poeziasy jäne ülttyq ideia [Kazakh poetry and national idea] [Text]. – Almaty : Education, 2000. – 336 p.
- 6 Piräli, G. Qazaq ädebiettanuy jäne ülttyq ideia [Kazakh literary criticism and national idea] [Text]. – Almaty : «Eltanym publishing house», 2014. – 240 p.
- 7 Dewart, E. H. Selections from Canadian poets [Text]. – Montreal : printed by John Lovell, St. Nicholas street, 1864. – 530 p.
- 8 Gerson, C. The Changing Contours of a National Literature [Text] // College English. – Volume 50. – No. 8. – Canadian Literature and Rhetoric (Dec., 1988). – P. 888–895.
- 9 Corse, S. M. Nations and Novels : Cultural Politics and Literary Use [Text] // Social Forces. – Volume 73. – Issue 4. – June 1995. – P. 1279–1308.
- 10 Kopeiuly, M. J. Şyğarmalary [Collection of works] [Text]. – Pavlodar : “EKO”, 2003. – 436 p.
- 11 Doskeeva, Ş. A. Ä. Nūrşaiyqov şyğarmalaryndağy zamandas beinesi [The image of a contemporary in the works of Nurshayikov] [Text]. Extended abstract of candidate's thesis. – Astana, 2009. – 30 p.
- 12 Maitanov, B. Qazaq prozasyndağy zamandas beinesi [The image of a contemporary in Kazakh prose] [Text]. – Almaty : Science, 1982. – 148 p.

24.03.24 ж. баспаға түсті.

11.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. Ж. Копеев*

Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар

Поступило в редакцию 24.03.24.

Поступило с исправлениями 11.04.24.

Принято в печать 03.06.24.

НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ И ОБРАЗ СОВРЕМЕННОКА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МАШХУР ЖУСУПА

В данной статье поднимаются вопрос национальной идеи и историческая правда в произведениях Маихур Жусупа Копейұлы через образы исторических личностей, которые были современниками поэта.

Автор параллельно рассматривает понятия национальной идеи и образы современников, показывает взаимосвязь между ними. Проанализированы исследования, проведенные в рамках национальной идеи, касающейся творчества поэта, и предприняты попытки определить новизну и специфику этого направления.

Рассматриваются исследования, касающиеся национальных интересов в области маихуроведения, отечественного и зарубежного литературоведения, выявляются общие закономерности и особенности. Анализируется и оценивается стихотворение поэта «Мына заман» с художественно-идейной точки зрения. Через раскрытие проблем современного ему общества показана жизнь того времени. Поэт сосредотачивается на отражении явлений того времени, описывая этапы существования нескольких личностей. Философское понимание направлений, ориентиров того времени изучается через познание мнения автора, его интуиции.

Кроме того, в произведениях поэта анализируются образы известных современников с точки зрения личностных качеств героя. Также высказывается мысль о том, чтобы произведения поэта были направлены на широкое исследование с точки зрения образа Современника. Раскрываются образы деятелей своего времени.

Ключевые слова: Маихур Жусуп, национальная идея, историческая личность, образ современника, личностное ведение, Муса Шорманұлы.

*A. Zh. Kopeyev

Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 24.03.24.

Received in revised form 11.04.24.

Accepted for publication 03.06.24.

THE NATIONAL IDEA AND THE IMAGE OF A CONTEMPORARY IN THE WORKS OF MASHHUR ZHUSUP

This article raises the issue of the national idea and historical truth in the works of Mashhur Zhusup Kopeyuly through the images of historical figures who were contemporaries of the poet.

The author defines the concepts of national ideas and images of contemporaries, shows the relationship between them. The research conducted within the framework of the national idea concerning the poet's work will be analyzed and attempts will be made to determine the novelty and specificity of this direction.

The research on national interests in the field of machine learning, domestic and foreign literary studies is considered, general patterns and features are revealed. The poet's poem «Myna Zaman» is analyzed and evaluated. from an artistic and ideological point of view. Through the disclosure of the problems of modern society, the life of that time is shown. The poet focuses on reflecting the phenomena of that time, describing the stages of the existence of several personalities. The philosophical understanding of the directions and landmarks of that time is studied through the knowledge of the author's opinion, his intuition.

In addition, the poet's works analyze the images of famous contemporaries from the point of view of the personal qualities of the image. It is also suggested that the poet's works should be aimed at a broad study from the point of view of the image of a Contemporary. The images of figures of their time are revealed.

Keywords: Mashur Zhusup, historical figure, national idea, contemporary image, personality, Musa Shormanuly.

Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz